**«Келісілді»**

**Облыстық психикалық денсаулық орталығының**

**Басшысы ________ А.Салимбеков**

**__ ______ 2023 ж**

**Түркістан облыстық психикалық денсаулық орталығы кәсіпорын қызметкерлерін қамти отырып өткен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы талдамалық анықтаманы жария талқылау**

**ХАТТАМАСЫ№07**

Шымкент қаласы 26 шілде 2023жыл

**Төрайымы:** Аймаханбетова Д– кәсіпорын бөлім меңгерушісі

**Хатшы:** Адилбаев Д – кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс қызмет функцияларын орындайтын маман

Қатысқан адамдар саны: 29 және Абай аудандық Ардагерлер Кеңесінің төрағасы Қ. Ержігітов қатысты.

**Тыңдалды:** Аймаханбетова Д,Адилбаев Д

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы талдамалық анықтаманы түзу барысында Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2022 жылғы «30» желтоқсан №488 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдар басшылыққа алынды.

Облыстық психикалық денсаулық орталығы денсаулық сақтау саласында сыбайлас жемқорлықтың себебтері мен жағдайларын алдын алу басым бағыттарының бірі болып табылады.

**Талдамалық анықтаманы жария талқылауда төмендегілер айтылды.**

- Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілгенде қолданылған ақпарат көздері:
- талдау объектісінің қызметін реттейтін құқықтық актілер мен ішкі құжаттар;
- талдау объектісінің қызметі туралы ведомстволық статистикалық есептілік;
- талдау объектісіне қатысты мемлекеттік органдар бұрын жүргізген тексерулердің нәтижелері;
- ішкі аудит қызметтерінің бақылау іс-шараларының нәтижелері;
- бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар;
- жеке және заңды тұлғалардың талдау объектісіне қатысты өтініштері; - сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін талдау объектісінің қызметкерлерін анықтау және жауапкершілікке тарту туралы мәліметтер;
- талдау объектісінің қызметшілеріне, қызметкерлеріне сауалнама (сұхбат) нәтижелері;

Кәсіпорын басшылығымен қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жоюдың шаралары мыналар болып табылады:

– құқықтық актілерді немесе ішкі құжаттарды әзірлеу және қабылдау кезінде мұқият болу, оларға сыбайлас жемқорлық факторларын жоюға бағытталған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

– лауазымды тұлғалардың өкілеттіктерін одан әрі нақтылау;

– объектінің қызметіне қоғамдық бақылауды қамтамасыз етуді одан әрі күшейту;

– әкімшілік рәсімдерді оңтайландыру және автоматтандыру;

– рұқсат беру функцияларын іске асыру кезінде талдау объектісінің лауазымды адамдарының жеке және заңды тұлғалармен жеке байланысын болдырмау, штат санын оңтайландыру, артық басқару бөліктерін жою, әкімшілік шығындарды қысқарту мақсатында жұмыстарды одан әрі де жандандыру;

**Шешім:**

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы талдамалық анықтама қанағаттанарлық деп табылсын.

2.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстар одан ары қарай жандандырылсын.

Төрайым: Айсаханбетова Д

Хатшы: Адилбаев Д